

2014 жылға Аягөз ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 10 желтоқсандағы N 383 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 16 қаңтарда N 3165 болып тіркелді

**Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің
02.12.2014 N 708 қаулысымен.**

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5-бабына, 7-бабы 2) тармақшасына сәйкес, еңбек нарығындағы жағдай мен бюджет қаражатын ескере отырып, жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясатын іске асыру және жұмыспен қамту саласында қосымша мемлекеттік кепілдіктерді қамтамасыз ету мақсатында, Аягөз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Аягөз ауданы аумағында тұратын халықтың келесі нысаналы топтары а н ы қ т а л с ы н :

- 1) та бы сы аз а да м да р ;
- 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
- 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
- 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызділікті, көп ба ла л ы ата - а на л а р ;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп та н ы л ғ а н а да м да р бар а за ма т та р ;
- 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шы ғ у ғ а е кі жы л қ а л ғ а н) ;
- 7) м ү г е д е к т е р ;

- 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан
 б о с а т ы л ғ а н а д а м д а р ;
 10) о р а л м а н д а р ;
 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын
 б і т і р у ш і л е р ;
 12) жұмыс беруші – заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші – жеке
 тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының
 қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар жатады;
 13) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған
 а д а м д а р ;
 14) ұзақ уақыт (бір жылдан астам) жұмыс істемейтін адамдар;
 15) 50 жастан асқан адамдар;
 16) асыраушысы жоқ жалғызділіктілер;
 17) есірткіге тәуелді адамдар;
 18) АҚТҚ-инфекциясын жұқтырған адамдар;
 19) бір де жұмыс істеушісі жоқ жанұялардың адамдары;
 20) көп балалы отбасына жататын адамдар (4 немесе одан да көп балалы
 о т б а с ы) .
2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С.
 Ы с қ а қ о в қ а ж ү к т е л с і н .
3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
 ө т к е н с о ñ қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

Аудан әкімі	Н. Нұрғалиев
-------------	--------------